

**«Көсембай негізгі мектебінің» 2-сыныбында 2021/2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау**

**1. Сынып ұжымының тәрбие үдерісіндегі мәселелердің шешілу жағдайы:**

1) Сыныптың тәрбие жұмысының мәселесі: Оқушыларды заманауи, ұлттық және этномәдени құндылықтыр негізінде тәрбиелеу

Қойылған мақсат-міндеттер: сынып ұжымын қалыптастыру, балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, оқуға деген ынтасын арттыру, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелік іс-шаралар арқылы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру.

Бұл бағытта «Қазақ тілі – менің ана тілім», «Тәуелсіздік жетістіктері», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Қазақ даласының алғашқы ұстазы» « Тыйым сөздерді түсіне білейік», Ы.Алтынсаринның 180 жылдығы, Ж.Жабаевтың 175 жылдығы, Д.Нұрпейісованың туғанына 160 жыл, «Киелі сандар», «Домбыра – асыл мұрамыз», М.Мақатевтың туғанына 90 жыл тақырыбында сынып сағаттары мен тәрбиелік шаралар өткізіліп, балалардың ұлттық құндылықтар туралы таным-түсінігі қалыптасты.

**2. Тәрбие жұмысының басым бағыттары бойынша атқарылған шаралардың оқушы тәрбиесіне тигізген әсері:**

Биылғы 2021/2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Тәуелсіздік жетістіктері» атты шарадан басталып, оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырудан басталды. Еліміздің тәуелсіздік алуына 30 жыл толуына орай көптеген мерекелік, тәрбиелік іс-шаралар арқылы оқушылардың ел тарихы, жер тарихы, Отанды сүю және оны қорғай білуге деген патриоттық сезімдері қалыптасты.

Өз туған жерінің табиғатын қорғау мақсатында «Ойыл өзенінің экологиясы» тақырыбындағы тәрбиелік шараның ролі зор болды. Балалардың туған жер табиғаты туралы ұғымдары қалыптасты. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағытында «Көп оқы, көп білуге ұмтыл!», «Интернетсіз бір күн» (жұмбақ, мақал-мәтел) сайыс ойындарының тәрбиелік, танымдық мәні жақсы болды. «Отбасы тәрбиесі» саласы бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, «Мен отбасыммен мақтанамын», «Отбасым - байлығым» тәрбие сағаттары арқылы балалар өз отбасы туралы әңгімелеуді, қарым-қатынасты, кіші Отанның не екенін ұғынды.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағытында «Өмір қауіпсіздік ережесі», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Газалық – денсаулық негізі», «Темекінің зияны» тақырыбындағы өткен жұмыстырдың оқушылар үшін тағылымы мол болды. Балалар денсаулықты шындаудың сан түрлі жолдарын, оның маңызын толық білді.

### **3. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің өсу көрсеткіштерінің өзгеруі**

2021/2022 оқу жылында 2-сыныпта 12 оқушы оқыды. Оның 7-і ұл, 5-і қыз бала. Сынып әр тоқсан сайын бағаланды. 1 оқушы (Абаев Р.) бұрын балабақшада болмаған, даярлық сыныбында оқымаған. Оқуға, сынып ұжымымен қарым-қатынас жасауға құлықсыз болды. Жыл бойы тәрбиенің басым бағыттары бойынша жүргізген жұмыстардың арқасында сынып ұжымы қалыптасты. Балалар мектеп ережесінің не екенін ұғынды, оны жақсы сақтай білді. Сақтық шараларын уақтылы орындап, арақашықтықты сақтай отырып, гигиеналық талаптарды меңгерді.

Балалар сыныпта кезекшілік атқаруды үйренді. Дене тәрбиесі сабақтарында саппен жүруді, сапқа тұруды оңай үйренді. Мектеп дәлізінде, кітапханада т.б. орындарда тәртіп сақтай білетін дәрежеге жетті. «Сәлем – сөздің анасы» демекші, тәрбиенің қайнар бастауы адамгершілік болса, сынып оқушылары мектеп мұғалімдерімен, басқа сынып оқушыларымен тіл табысып, ізетті түрде амандасуды, сыпайы әңгімелесуді үйренді. «Тәрбиесі қиын» оқушы ретінде мектепшілік және ішкі істер бөлімдері жанындағы жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекция есебіне алынған оқушы сынып бойынша жоқ.

### **4. Мектептің қосымша білім беру желісі жұмысының қорытындысы**

2021/2022 оқу жылында сынып оқушылары жыл бойы «Тоғызқұмалақ», «Вокал» үйірмелеріне қатысты. Барлық оқушы мектепшілік апталықтарға, тәлімгердің өткізген іс шараларына қатысты. Олар: «Менің сүйікті ата-әжем», «Бақытты балалық шақ», «Адамзаттың екінші ұстазы», «Абай әлемі», «Көше кездейсоқ оқиғаға толы» тақырыбындағы жұмыстар.

### **5. «Мектеп – ата-ана – оқушы» үштігі бірлестігі жұмыстарының нәтижелілігі**

Қыркүйек айынан бастап ата-аналармен жұмыс жолға қойылып, жұмыс жоспары жасалынды. «Оқушылардың оқуға күштарлығын арттыру» тақырыбында сауалнама жүргізілді. «Отбасындағы бала тәрбиесі», «Адамгершілікке

тәрбиелеудің маңызы», «Бастауыш сынып оқушыларының даму ерекшеліктері» тақырыбында баяндама, дөңгелек үстелдер өткізіліп, ата-аналардың бала тәрбиесі мен оқу үдерісіндегі жауапкершіліктері арта түсті.

Ата-аналармен жеке пікірлесу өткізіліп тұрді. Бұл бағытта әлеуметтік желі тиімді пайдаланылды. Тоқсан сайын және ата-аналардың өтініші бойынша үнемі балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат (смс) жіберіліп тұру жолға қойылды. Сынып оқушыларының күнделіктері де байланыс ролін атқара білді. Оған сын-ескертпелер мен тапсырмалар уақытында жазылып тұрды.

### **6.Мектеп жанындағы қамқоршылық Кеңесі мен ата-аналар комитетінің былтырғы оқу жылында 2-сыныппен бірлесе атқарған тәрбие жұмысы**

Мектеп жанындағы қамқоршылық Кеңесінің ұйғаруымен былтырғы оқу жылында біздің сыныптың оқушысы Сеиткерей Дарынға заттай көмек берілді, яғни мектепке киетін киімдер алынып берілді. «Есет» шаруа қожалығы демеуші болды.

Ата-аналар 1 қыркүйек салтанатты жиынына, Жаңа жыл, Наурыз мерекесіне арналған ашық тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктерге қатысты.

Сыныптың ата-аналар комитеті сыныпта ұйымдастырылған мерекелік іс шараға орай безендірілуіне көңіл бөліп, көмек қолдарын созды.

Сынып жетекшісі:  Аққошқаров Е.Қ.



